



АНЫҚТАМА

Қызылорда қаласы бойынша білім бөліміне қарасты **Ж.Қизатов атындағы №23 мектеп-лицейінің** 2025 жылдың 10 айлық қорытындысымен жасалынған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша

11 желтоқсан 2025 жыл

Қызылорда қаласы

ҚР "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы" Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдануы мен ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, 2025 жылдың 10 айлық қорытындысымен талдау жасалды.

Көрсетілген мерзімде Қызылорда облысының білім басқармасының «Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі» КММ-не қарасты **Ж. Қизатов атындағы №23 мектеп-лицейі** бойынша ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдау мына бағыттар негізінде жүргізілді.

Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы;

№23 мектеп-лицейде жалпы қызметкерлер саны –284. Оның ішінде педагог қызметкерлер бойынша – 218, техникалық қызметкер-37 және 27- қызметкер бала күтімінде, 3-қызметкер ақысыз демалыста. Педагог-шебер-3, педагог-зерттеуші -51, педагог-сарапшы -58, педагог-модератор - 82, педагог саны – 42. Жоғары білімді -236, арнаулы орта білімді - 6. Педагогика ғылымының магистрі - 50. 2025 жылдың бірінші тоқсанында 39 педагог біліктілігін арттыруға өтініш берді.

Мектеп-лицейде барлығы 2119 оқушы бар. 2025-2026 оқу жылында 1-сыныпқа 201 оқушы қабылданды.

2024-2025 оқу жылында жалпы орта мектепті 120, негізгі орта мектепті - 187 оқушы бітірді.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығымен бекітілген Қағиданың талаптары сақталған.

Мүдделер қақтығысына қатысты жұмыс беруші мен жұмыскер арасында заңдылықтың бұзылуына жол берілмеген. Оқу-тәрбие процестері бойынша қолданыстағы заң талаптары сақталған және білім беру саласының өз деңгейінде жүргізілуіне қадағалау жасалған.

Мүдделер қақтығысын реттеу;

Заңдылықтың бұл талаптары бойынша жұмыс беруші мен жұмыскерлер арасында мүдделер қақтығысына қатысты фактілер орын алмаған.

Мемлекеттік қызмет көрсету;

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңына сәйкес, көрсетілген мерзімде ұсынылған мәліметтердің талдауы көрсеткендей, 2025 жылдың 10 айы қорытындысымен мектепке мемлекеттік қызмет көрсету саласы бойынша 1173 өтініштер тіркелген: оның ішінде «Халыққа қызмет көрсету орталығы» арқылы көрсетілген мемлекеттік e-ashana қызмет саны – 952, es.iac.kz қызмет саны – 201, мемлекеттік органмен тікелей көрсетілген мемлекеттік қызмет саны – 17 және электронды үкімет порталы арқылы көрсетілген өтініштер саны – 3 болған.

Келіп түскен мемлекеттік қызмет көрсету саласы негізіндегі өтініштер барлығы орындалды. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне уақытылы жауаптар берумен қатар «Е-өтініш» ақпараттық жүйесімен жұмыс жасап, жолданымдардың дұрыс, әрі сапалы орындалуына мониторинг жүргізу қадағаланып отыр.

2024-2025 оқу жылының II жарты жылдығынан бастап «BilimClass» электрондық журналымен мектеп мұғалімдері жұмыс жасауда.

Педагогтардың біліктілік арттыру курсынан тиісті бейіні бойынша 3 жылда бір рет сиретпей біліктілік арттыру талаптарына сәйкес 234 мұғалім өтті.

«Негізгі сыныпты бітіру», «Аттестат тапсыру» кештері барысында бітірушілерден, ата-аналардан, мектеп педагогтарынан ақша жинау, педагогтарға сыйлық немесе қаржылай сыйлықтар беру немесе алуға болмайтынын үнемі хабарланып отырылады.

Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Ж.Қизатов атындағы №23 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша мемлекеттік мекеменің қаржыландыруы жеке жоспары мен бюджеттің атқарылуы және оған қызмет көрсету ережесінің 2-қосымшасында бекітілген 2025 жыл бойынша қаражат 1432156.6 (бір миллиард төрт жүз отыз екі миллион бір жүз елу алты мың) теңге 6 тиынды құрап отыр, оның ішінде: 2025 ж қаңтар айына 101934-0 (жүз бір миллион тоғыз жүз отыз төрт мың) теңге 0 тиын, ақпан айына 124866-00(жүз жиырма төрт миллион сегіз жүз алпыс алты мың) теңге 0 тиын, наурыз айына 124866-0 (жүз жиырма төрт миллион сегіз жүз алпыс алты мың) теңге 0 тиынды, сәуір айына 124306,0 (жүз жиырма төрт миллион үш жүз алты мың) теңге 0 тиынды, мамыр айына 134743,0 (жүз отыз төрт миллион жеті жүз қырық үш мың) теңге 0 тиынды, маусым айына 356896,0

(үш жүз елу алты миллион сегіз жүз тоқсан алты мың) теңге 0 тиынды, шілде айына 11981-00 (жүз он бір миллион тоғыз жүз сексен бір мың) теңге 0 тиынды, тамыз айына 108360-0 (жүз сегіз миллион үш жүз алпыс мың) теңге 00 тиынды, қыркүйек айына 108920,0 (жүз сегіз миллион тоғыз жүз жиырма мың) теңге 0 тиынды, қазан айына 118606,0 (бір жүз он сегіз миллион алты жүз алты мың) теңге 0 тиынды құрап отыр, қараша айына 116415,0 (бір жүз он алты миллион төрт жүз он бес мың) теңге 0 тиынды құрап отыр.

149 ерекшелік бойынша қаралған қаржы 6145,0 мың

151 ерекшелік бойынша қаралған қаржы 44001,0 мың

152 ерекшелік бойынша қаралған қаржы 3299,0 мың

159 ерекшелік бойынша қаралған қаржы 14814,0 мың

Барлығы : 68259,0 мың теңге.

МБ бойынша, ыстық тамаққа 159 ерекшелікке 2025 ж қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр, қыркүйек, қазан айларына 865 балаға 54259,8 мың теңге бөлінген, қараша, желтоқсан айларына 865 балаға 14053,7 мың теңге қаржы жоспарлануда.

МБ бойынша ыстық тамаққа 163 ерекшелікке 2025 ж қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр, қыркүйек, қазан айларына 152 балаға 9,682,1 мың теңге және жыл соңына дейін мемлекеттік сатып алу бөліміне жолданған, қараша, желтоқсан айларына 152 балаға 2,623,9 мың теңге, ішкі лагерьге 50 балаға 312,5 мың теңге, отбасы төмен оқушыларға қаржылай көмекке 263 балаға барлығы 12157,9 мың берілді.

Ай сайын 5-15 есебі бойынша қатаң тексеріп, басқа картаға аударылған адамдардың есебі орын алған емес.

4-20 форма бойынша есеп шотта себепсіз қалдық қалған емес, бәрі қатаң бақылауда.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне уақытылы жауаптар беру мен қатар «Е-өтініш» ақпараттық жүйесімен жұмыс жасап, жолданымдардың дұрыс, әрі сапалы орындалуына мониторинг жүргізу.

2025 жылдың 10 айлық қорытындысы бойынша МО-ға келіп түскен өтініштерді тіркеу және қарау бойынша күнделікті есептілік нысаны «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Ж.Қизатов атындағы №23 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне барлығы 30 өтініш келіп түсті. "Е-өтініш" АЖ -30 келіп түскен өтініштер қызмет көрсету саласы негізіндегі өтініштердің барлығына жауап берілді.

Құқық бұзушылықты болдырмау және алдын алу мақсатында мектептерде жүргізілетін іс-шаралар жоспарларына, оқушылар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мектепте құқықтық тәрбие мен құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарының жүргізілуіне және психологтардың жүргізілуге тиісті

кұжаттарының сапалы орындалуы және басқа да осы саладағы құжаттарға толық зерделеу жүргізу:

1.Қазақтан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңының 49-бабын, 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңының 12 бабын, Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларды пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы № 235 бұйрығын, мектептің ішкі тәртіп ережесінің 2 тармағы 2.2. тармақшасының негізінде «Оқушылар арасында қауіпсіздікті сақтау» ережесін басшылыққа ала отырып, 2025-2026 оқу жылына «Мектеп оқушыларының заңға мойынсұнушылық мінез-құлқын қалыптастыру және құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының» мектепшілік жоспары құрылды. Жоспар аясында төмендегідей жұмыстар жүргізіліп келеді.

Мектеп оқушылары арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 2025-2026 оқу жылына арналған ҚІБ-мен екі жақты келісілген іс-шара жоспары құрылып бекітілді, ай сайын мектеп инспекторы Д.Рустамова қалалық, облыстық прокуратуралардың қатысуымен түсіндірме сағаттары ұйымдастырылып келеді. 2025 жылдың қыркүйек айында «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында ата-аналармен кездесу, қазан-қараша айларында «Интернет желісінде балалар порнографиясы, зорлық-зомбылық, қатыгездік, суицид, лудомания құқық, қайшы контенттің таралуын болдырмау» және «Кәмелетке толмағандармен және оларға қарсы жасалған қылмыстар, оның ішінде, қарсы жасалған жыныстық тиіспеушілік қылмыстары туралы», қараша айында қыз балалармен «Қыз баланың ерте жастағы жүктілігінің қауіптері мен салдары» тақырыбында 8-11 сыныптардың оқушылары арасында қылмыстық құқық бұзушылық, жыныстық қол сұғылмаушылық, суицид ерте жүктілік және синтетикалық есірткінің зияны туралы ақпараттандыру жұмысы жүргізілді. Мектеп инспекторы Рустамова Диляраның қатысуымен қазан айында 5-11 сынып оқушыларына «Есірткі және құқықбұзушылық» тақырыбындағы профилактикалық түсіндірме жиналысы, 8-10 сынып оқушылар ағымдағы жылдың қаңтарында 8-11 сыныптар арасына «зорлық-зомбылықтың, топтық төбелестің, интернетке тәуелділік пен кибербуллинг пен құқық бұзушылықтың алдын алу», тақырыбында қыздар жиналыстары ұйымдастырылып хаттамаланды. Мектепте қауіпсіздік шараларының барысын тексеру мақсатында 2016 жылы 7 камера (қаражаты - 912 960,00 тенге), 2022 жылы 80 камера (қаражаты-6 353 565) (Hikvision-Hi Watch) сыртқы қозғалысты бақылауға – 27 камера, бейне бақылау камералары орнатылған.

Мемлекеттік сатып алу веб-порталының жеңімпазы **турникет** орнату жұмысын ЖК «Алпамыс» келісім шарт негізінде №62 2020-12-19 (қаражаты – 2 249000,00 тенге) жасады. Турникет жұмыс жасап тұр. «Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2023 жылдың 27 желтоқсан айында **дабыл түймесі** (қаражаты 575 680,00 тенге) орнатылған. дабыл түймесі жұмыс жасап тұр. Мемлекеттік сатып алу қызметі бойынша 2025 жылдың 10 айлық қорытындысында **мүлік** алынған жоқ.

Қолайсыз отбасы, өгей әке, өгей анамен тұратын, ата-анасы немесе заңды өкілсіз ата-әжесімен бірге тұратын, мектепшілік есептегі оқушыларды үнемі бақылауда, үй тұрмыстық жағдайын зерделеп, үнемі балалармен сұхбат жүргізіледі. Зорлық-зомбылық, буллингтің алдын алу мақсатында жоспарға сәйкес 18 қаңтарда 8 сынып оқушыларына «Буллинг, кибербуллинг зияны», 25 қаңтарда 9 сынып оқушыларына «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», 29 қаңтарда 5 сынып оқушыларына «Буллинг, кибербуллинг» 30 қаңтарда 10 сынып оқушыларына «Что такое кибербуллинг и как с ним бороться?», 12 сәуірде 6 сынып оқушыларына «Татулық – достық кілті» тақырыптарында психологиялық тренингтер өткізіліп, дәрістер оқытылды.

2025 жылдың қыркүйек айында педагог-психолог Ғ. Дүйсенова «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми - практикалық институтының «Білім беру ұйымдарында буллингтің алдын алу бағдарламасының ғылыми-практикалық негіздері» тақырыбы бойынша 80 академиялық сағат көлемінде курстан өтті. Педагог-психолог А.Үркітбайқызы маусым айында «Эмпатия» психология орталығынан «Арт-терапия: теория және практика» тақырыбында 90 сағаттық курстан өтті.

Қазан айында «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы акционерлік қоғамының «Эмоционалды интеллект- педагогтың кәсіби міндеттерін шешу құралы» тақырыбында 80 сағаттық курстарынан өтті. Қараша айында Қызылорда облысының білім басқармасы «Облыстық психологиялық қолдау орталығы» ұйымдастырған «Психологиялық кеңес беру негіздері» тақырыбында 8 сағаттық интервизиядан өтті. Қарашада «Бастау Бизнес» жобасы бойынша «Кәсіпкерлік негіздерін оқыту» тақырыбында 72 сағат көлемінде курстан өтті. Мектеп психологтары жеке кабинетпен қамтамасыз етілген. Кабинет қажетті жабдықтар, жеке компьютерлер, принтер, орындықтар, құжаттарға арналған шкафпен қамтамасыз етілген. Кабинетте пайдалы ақпараттар, жүргізілген жұмыстар жинақталуда

«Бастауыш сыныппен қоштасу», «Негізгі сыныпты бітіру», «Соңғы қоңырау», «Аттестат тапсыру кештерін» өткізу барысында бітірушілер мен ата-аналарынан ақша жинау және білім беру ұйымдары мен педагог қызметкерлеріне сыйлықтар мен қаржылай сыйлықтар беру(алу) сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдерінің болу фактілері бойынша тиісті мониторинг жүргізу;

2025 жылдың қыркүйек айында мектеп қызметкерлеріне арнайы «**Сыбайлас жемқорлықты болдырмау**» туралы арнайы мәжіліс өткізілді. Мәжілісте мектеп басшысы Б.Дуйсенбаев, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Д.Жуматаева, Б.Беккулиева, Г.Каниева, директордың бейінді ісі жөніндегі орынбасары Л.Пркауова, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Т.Шакизада баяндама жасап, мектепте қоғамда сыбайластыққа жол бермеу керектігі туралы айтып өтті.

Бітіруші 4,9,11 сыныптардың сынып жетекшілері мен пән мұғалімдеріне арнайы жиналыс өткізіліп сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, ата-аналардан ақша жинамау, сыйлық алмау туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп хаттамаланды. Сыбайлас жемқорлықтын алдын алу бағытында арнайы бұйрық шығарылып таныстырылды.

Директор



Ж.Камитбекова